


«Бекітемін» 
«Нұрбобек» мектепке дейінгі
ұйым меңгерушісі: м.а.
Ж.М.Исмаилова.

**2023-2024 оқу жылына арналған
«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша
ұйымдастырылған музыка оқу қызметінің
тақырыптық жоспары.
«Балдырған» ортаңғы тобы.**

Музыка жетекшісі: Абдуалнева.Б.Ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша) «Нұрбәбек» МДҰ

Топ/сынып «Балдырған» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	-Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау. -барлығы бір қарқында әнді таза айту. -Музыкамен жүру мен жүгіруді ырақты орындау -Музыканың сипатын түсіну -Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) -Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.
Қазан	Музыка	-Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді.т.б. -Ре (ми) – ля (си) диапазонында ән айту дағдыларын дамыту. -Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту,әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Қараша	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. -Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. -Музыканың сипатын түсіну - Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл –күйін қабылдай білуді қалыптастыру. - Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.
Желтоқсан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыкалық жанр: ән, би, марш таныстыру. -Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын бөлуге және ажыратуға үйрету. -Аспаптың сүйемелдеуіне ілесіп отырып бірге ән айту. -Музыкалық шығарманың көңіл – күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. -Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.
Қаңтар	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу; -Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру; -Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Ақпан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру; -Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету; -Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру; -Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Наурыз	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету; - Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру; - Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би кимылдарының қарапайым элементтерін орындау; - Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу.
Сәуір	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету; - Ән айтуда, қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру; - Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би кимылдарының қарапайым элементтерін орындау; - Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.
Мамыр	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу; - Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағымасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру; - Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты кимылдар орындау; - Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.